Математика, физика және информатика әдістемелік бірлестігінің отырыс хаттамасы №3

Қатысқаны: 39 2025 ж 6 қаңтар

Күн тәртібі:

3-отырыс

Тақырыбы: «Оқу процесін ұйымдастыру деңгейін арттыру»

Мақсаты: Оқыту мен тәрбие үрдісін жетілдіру.

1. «Жасанды интелект мүмкіндіктері білім берудегі заманауи құралдары». Мастер класс. (Куралбекова Ж.П.)
2. II-тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орнындалуы және білім сапа көрсеткіштеріне есеп беру.
3. I-жартыжылдықтың қорытындысы. Оқытудың салыстырмалы мониторингі
4. Аудандық олимпиадасының қорытындысы. Жұмыс нәтижелері мен жіберілген қателіктерге қорытынды жасау.

Тыңдалды.

1 мәселе бойынша Куралбекова Жадыра Пердебеккызы «Жасанды интелект мүмкіндіктері білім берудегі заманауи құралдар» тақырыбында мастер класс өткізді. Жасанды интеллект негізіндегі заманауи құралдар – ChatGPT, Grammarly, Khan Academy AI, Coursera, Google Lens, Siri/Alexa және т.б. құралдарын сабақ барысында қалай қолдану керектігін көрсетті. Жадыр Пердебеккызы "Жасанды интеллект мұғалімдердің орнын баса алмайды, бірақ олардың жұмысын тиімдірек әрі ыңғайлы етуге үлкен көмек көрсетеді" деп сөзін аяқтады.

2-мәселе бойынша әр пән мұғалімдері: II-тоқсан бойынша өз пәндері бойынша әр сыныптың оқу үлгерімдері мен оқу бағдарламасының орындалуы жөнінде баяндады. Білім сапасы мониторинг арқылы өткен тоқсанмен салыстырғанда көрсеткіш сәл жоғарылағандығы аздап көтерілген.

3-мәселе бойынша әр пән мұғалімдері:

І-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша өз пәндері бойынша әр сыныптың оқу үлгерімдері оқытудың салыстырмалы мониторингі жасағандарын көрсетті.

4- мәселелер бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі Ш. Даметова:

Аудандық олимпиадасының қорытындысына тоқтала отырып, әр пән мұғалімдерінің есебі тыңдалды. Жұмыс нәтижелері мен жіберілген қателіктеріне тоқтала отырып, қателіктермен жұмысты міндетті түрде осы бастан қолға алу керектілігі айтылды.

Қаулы етті:

1. ІІ тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп есептеліңсін.
2. Білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
3. Дарынды оқушылармен жұмыс күшейтілсін
4. МИФ апталығы өз дәрежесінде өткізілсін.

Бірлестік жетекшісі: Ш. Даметова

Хатшы: К.Мугжанова